

Мектептегі мерекелер:

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

5 маусым



Дүниежүзілік
қоршаған ортаны қорғау күні

Мектептегі мерекелер

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Ә. Пшкеева. Халық тәрбиесі – асыл қазына	3
Е. Молдағалиев. Тіл мерекесі	6
А. Әбдіразақова. Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе... ..	9
Н. Садықова. Қызды тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз	12
Ә. Рысқалиева. Әке – асқар тауым	17
К. Абжаппарова. Шығыстың шынары – Әлия	16
Н. Бекбауов. Жан қазынасы – адамгершілік негізі.....	20
А. Қайыркұлов. Жігітке жеті өнер де аз	23
А. Райханова. Мен мамандық әлеміндемін	25
Б. Бабышева. Төрт түлігім – ырысымның бастауы ...	27
А. Олжабаева. Жолда сақ жүр!	30
Ү. Алпысбайқызы. Адалдықты мұра еткен ұлы Абай.....	32
А. Сқақова. Ұлттық кітап күні.....	34
Ә. Баймуханова. Қазақтың ұлттық ойыны – тоғызқұмалақ	37

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489


Басуға қол қойылды
23.06. 2025 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 303 37 67.

Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru
Сайт: www.pedagog-ltd

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.



АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
әл-Фараби атындағы
№145 мектеп-гимназия
директорының тәрбие
жұмысы жөніндегі
орынбасары.
Алматы қаласы.

**Қоңырбаева Сараш
Сахиқызы** – әл-Фараби
атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің
қауымдастырылған
профессоры, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

**Атабекова Бақытгүл
Ботабекқызы** – PhD,
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы. Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.



Халық тәрбиесі – асыл қазына

Мақсаты: халқымыздың ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан салт-дәстүрін дәріптеу, бабалардан қалған ұлағаттылықты ұқтыру, халықтық педагогиканы қолдана отырып, оқушылардың өз халқына, ұлтына деген сүйіспеншілігін оятып, тілін, дінін, жерін сүйуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдтар, ағаштың бұтағы мен қоржын, қазақтың ою-өрнегі, киіз үйі, «Наурыз» ауылына керекті жабдықтар.

Барысы.

Мұғалім сөзі: Құрметті оқушылар! «Халық тәрбиесі – асыл қазына» атты тәрбие сағатын бастамақпыз. Халқымыздың жылнама туралы түсінігін, ғасырлар бойы сақтап келген әдет-ғұрып пен салт-дәстүрін, тілін оқушылардың бойына сіңіріп, тұрмыс-тіршілікте еркін қолдануына ықпал жасауымыз қажет.

1-оқушы:

Ассалаумағалейкум, халқым менің,

Ардақта дәстүрінді, салтыңды елім.

Мереке басы болсын берекенің,
Өйткені сен тәліміңмен жетеледің.

2-оқушы:

Туғаннан соң адам боп,

Білімсізден жаман жоқ.

Ел дәстүрін білмесең –

Жұрт айтады надан деп.

Ата-бабаң ардақты,

Жамандыққа бармапты.

Ардақ тұтып үлкенді,

Ата жолын жалғапты.

3-оқушы:

Бауырласқан тәніміз,

Бұзылмаған салтымыз.

Кең даланың ежелгі,


Қазақ деген халқымыз.

Өзге ұлттай біздің де,

Бар дәстүр мен салтымыз.

Мұғалім сөзі: Оқушылар, ортамыз-

Салт дәстүрдің түрлері



да сан ғасырды өзіне бағындырып, өткен тарихымыз бен бүгінгі күнді салыстырып, келер күннің тарихын болжап, ақ жаулықты анамыз ақ әже отыр. Олай болса, бүгінгі тәрбие сағатына байланысты тақырыптың мазмұнын ашып, халықтың асыл қазынасы — салт-дәстүр, әдет-ғұрып, жыл басы жайлы әңгімесін өрбіте отырсын деп сөзімізді ақ әжеге берейік.

Ақ әже:

Балдыр, балдыр балдырған,
Қос білекті талдырған.
Шежіре айтсам, көсіліп,
Көшпелі қазақ алашты -
Тарих естен тандырған.
Шұбырынды ақтабан,
Аталы сөзді сақтаған.
Батыр қазақ атанып,
Ерлерін жауға баптаған.
Еңіреп кейде жүрсе де,
Ен-тоғайдан қашпаған.
Тілін, дінін бек ұстап,
Әдет-ғұрпын сатпаған.
Өзінен шыққан сатқынды
Күнге қойып қақтаған.
Атам қазақ осындай
Қайсар еді деп мақтанам.
Шежіресін ұмытпай,
Құрандай ғып жаттаған.

Мүғалім сөзі: Міне, байқаған болсаныздар, ақ әженің бізге айтайын дегені көп-ақ. Ең алдымен, ақ әженің дайындап келген жұмбағын шешейік.

Ақ әже: Ал балалар, бүгінгі халық дәстүрі жайлы бастамаларың жақсы

болған екен. Мен сендерге ең алдымен бір жұмбақ жасырайын. Жауабын айтсаңдар, әрі қарай әңгімемді жалғастырайын.

Атасы мен анасы,
Үш жүз алпыс бес баласы.
Он екі ауыл шамасы,
Отыз ру дуадақ.
Бес балақ сан,
Елу екі қарашы.

Жауабы: Жыл.

Ақ әже: Қазақтар бір жылды әрқайсысы отыз күннен тұратын он екі айға бөлген. Жыл соңындағы санатқа кірмей қалған 5 күн «бес қонақ» деп аталады. Ал осы санатқа кірмей қалған уақыт өлінің әрі тартар, тірінің бері тартар күні деген. Қиын қыстау күндері қазақ тілінде «өліара» деп аталады.

Осы өліара туралы білетіндерің бар ма?

Жауабы: Бұрын атам айтатын: өліарада — жолаушы жолға шықпайды, қоныс аудармайды, жиынтой жасамайды. Мал сойып, қонақ шақырмайды. Ақсақалдар өліарада «Апырай қайтер екен» деп ауыл итерін де үргізбейді деп.

Ақ әже: Дұрыс айтасың. Сондай-ақ, жыл сайын белгілі бір уақытта ауа-райы өзгеріп отырады. Бұл өзгеріс жылда қайталанады. Бұны қазақ халқы «амал» деп атайды. Амалдарды былай деп атайды.

1. «Құс қанаты». Бұл жыл құстарының көктемде келуіне байланысты болады. Бұл уақыт — Наурыз айы-



ның 25-26-сына сәйкес келеді.

2. **«Қызыр қамшысы».** Бұл уақытта ауа райы суытып, жаңбыр жауады, жерімізге келген жыл құстары ұя ба-суға жатады. Бұл 17-19 сәуір аралы-ғына сәйкес келеді.

3. **«Тасбақа дауылы».** Сәуір айын-да тасбақа қысқы ұйқысынан оя-нып, інінен жер бетіне шығады. Бұл уақытта тасбақа әлсіз болғандықтан қатты соққан жел оны үрлеп ұшыра-ды деген. Сондықтан бұл амал **«Тас-бақа дауылы»** деп аталған.

1-оқушы:

Ата салтым — асыл мұрам, арда-ғым,

Бабалардың жалғастырар арма-нын.

Сан ғасырдан қалпын бұзбас қа-дірлі,

Өткенімді бүгініммен жалғадым.

Ақ әже: Мына ағаштың жапыра-ғында тыйым сөздер берілген, сол сөздердің жалғасы көрсетілмеген.

Шарты: Тыйым сөздерді аяқтауы-мыз қажет.

(Тыйым сөздерді ауызша айтқызу)

1-оқушы:

Қазақтың түрлі-түрлі дәстүрі бар,
Оның сырын ашқан жұрт қызы-ғар.

Жауаптарын таба ма екен, оқыр-ман,

Қойылғанда төмендегі сұрақтар:

1. Қандай жілік қыз балаға қойыл-майды? (Көрі жілік)

2. Төс кімге тартылады? (Күйеу балаға)

3. Жиен кімнің баласы? (Тұрмыс-қа шыққан қыздың баласы)

4. Бір рудан тараған туысты қалай атайды? (Әулет)

2-оқушы:

Ата-дәстүр абырой көтергенге,
Кейбір сөздер сүйектен өтер дем-де.

Токталамыз біз енді байыппенен,
Қанатты сөз, мақал мен мәтелдер-ге.

3-оқушы:

Қазақтар жақсылықты — «кие»,
Жамандықты — «кесір»,
Қысты — «зымыстан»,
Жазды — «табысқан», - дейді.

(Мақал-мәтелдер айтқызу)

Ақ әже: Балаларым, сендерге ба-баларыңның ауылынан алып келе жатқан базарлығым бар еді. Ол мы-нау қоржында... Базарлығымды көрсетпес бұрын сол қоржынның ішінде әр түрлі салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың атаулары жазылған тап-сырма бар. Сол атауларға дұрыс тү-сініктеме берсеңдер базарлығыма ие боласыңдар.

(Оқушылар салт-дәстүр, әдет-ғұ-рып, тіл жайлы өлеңдерін оқиды)

Қорытынды.

**Әлия Айдосқызы
ПШКЕЕВА,**

№199 орта мектеп мұғалімі.

**Төребай би ауылы,
Қармақшы ауданы,
Қызылорда облысы.**

Тіл мерекесі



**Ерхан
Болатұлы
МОЛДАҒАЛИЕВ,
№7 қазақ орта
мектебінің
қосымша білім беруші
педагогы.
Рудный қаласы,
Қостанай облысы.**

Бірінші көрініс: Дала сахнасы «Шешендік әлемінде» деген жазу алыстан көз тартады. Сахна төрінде қазақ тарихындағы көрнекті шешен билер Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би отырады. Ортада дастархан жағалай ақсақалдар, отырысқан.

1-жүргізуші: «Халқымыздың тарихында ел үшін еңіреніп, ұрпағының болашағы үшін алысып өткен кемеңгері, ойшылдары, қайраткерлері аз болмаған. Олардың ең бастылары от ауызды орақ тілді, ақылы асып туған билер. Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би. Ел тағдыры сынға түскенде абыздай күңіреніп, арашаға келіп сонау сұңғыла жандардың атқарған қызметі ұшан-теңіз. Төле бидің руы – Үйсін-Дулат. Оның ішінде Жаныс, Төле би Орта жүздің аға биі Қазыбек Келдібекұлымен, Кіші жүздің аға биі Әйтеке Байбекұлымен бірге Әз Тәукенің басты кеңесшісі әрі көмекшісі болады. Төле би Әлібекұлы қазіргі Шымкент облысы Ленгір ауданына қарасты Ақбұрхан Орда деген жерде 93 жасында дүниеден өткен.

Төле би: Ей, әлеумет! Құс арыса, қа-

наты талады, ат арыса тұяғы тозады», - деген, алыс қияннан келіп отырсыздар, осы аттың күші қай жерде болады? - деп сұрайды.

Біреу: Аттың күші алдыңғы екі аяғында шығар.

Екінші біреу: Артқы екі аяғында болар. Сонда бала Қазыбек тұрып:

Қазыбек би: Аттың күші алдыңғы аяғында да емес, артқы аяғында да емес, ортасында болады, - депті.

Төле би: (балаға қадала қарап): Оны қайдан білдің, себебі не?

Қазыбек би: Астында төрт тіреуі жоқ жерде күш қайдан болсын, күш тіреуі ортасында. Алдымда ағам бар, артымда інім бар, екі жағынан да тірегім зор. Әділ билік лайық емес пе? - деген екен.

Төле би: (Сонда Қазыбекке бата берген екен)

- Айтқан сөзің аталы болсын, жүрген жерің бәтуәлі болсын, дуалы ауыз, әділ жан атанғай, осы саған берер батам, - депті.

2-жүргізуші:

Тілім менің!

Осы тілде шежірем, жырым менің.

Асан қайғы арманы, Қорқыт күйі,

Тағдырыммен тамырлас мұңым менің.

1-жүргізуші:

Тілім менің!

Жауға айбарым, ұраным, туым менің.

Найзасымен тең ұстап, ана тілді,

Намысымды қорғады Сырым менің.

2-жүргізуші:

Тілім менің!
Тіршілігім, танысым, құным менің!
Бас бергенмен, Махамбет тіл берген
жоқ,

Тіл кесілсе, не болмақ күнім менің.

1-жүргізуші:

Тілім менің!

Тұтастығым, елдігім, үйім менің,

Ел қорғаған ерлерге рух берген,

Осы тілде толғады биім менің.

2-жүргізуші:

Тілім менің!

Ұлы Абайдай, Мұхтардай пірім ме-
нің!

Тұнығым, рухани жан азығым,

Ол бүлінсе, менің де бүлінгенім.

1-жүргізуші:

Тілім менің!

Тілім үшін мың өліп, тірілді елім,

Аралыммен, арыммен, қатар қойып,

Тілді қорғау – парызым бүгін менің.

Қазақ халқының дәстүр-салтына
арналған кешімізді әдеби-музыкалық
концертпен бастайық.

Ән шашу.

Көркем сөз оқушы: қазақ елінің қайта
жаңғырып, мандайы жарқырап, бағы
жануы рухани таза, адамгершілік мұра-
лардан нәр алуында, ата-бабалар тәлі-
мін қастерлеп, ұлттың иірімдерінің не-
бір шұрайлысын халықтық мұралардан
іздеп табуында.

Имандылық, адамдық қасиеттерді
бойға сіңіруде халық педагогикасының
тереңіне үңілсек, қазақ халқы өзінің ұр-
пағын «тек» деп өсірген екен. «Жақсы
сөз – жарым ырыс», - деген ата-бабала-
рымыз жаман сөзді, суық сөзді айтуға
тыйым салған. Ал жөн-жоралғыларды,
жақсы-жаман ырымдарды естіп көр-

меген, мектепте олардың бәрін ескінің
қалдығы деп жирендірген соң, бүгінгі
ұрпақ 7 атасын, тегінің кім екенін білу-
ді былай қойып, ана тілінде сөйлеу арт-
та қалушылық деп ұқты-ау!

1-оқушы:

Бейбіт елде болмаса да қатал күн,

Бейқам жүріп «шала қазақ» атандым.

Анық тегін анық білмей атамның,

Ар-намыссыз, «шала қазақ» атан-
дым.

2-оқушы:

Қасиетін қадірлемей сақалдың,

Қас – надандай «шала қазақ» атан-
дым.

Мағынасын түсіне алмай мақалдың,

Масқара боп «шала қазақ» атандым.

3-оқушы:

Құса болып құстай, талай қақалдым,

Бәрібірде «шала қазақ» атандым.

Өз баласы болам қалай Отанның,

Өз үйімде «шала қазақ» атандым.

4-оқушы:

Ұят болар, «шала қазақ» атанба,

Жүрген жоқсың алыс елде жапанда.

Осы менің саған айтар ақылым,

Осы менің саған берер батам да.

5-оқушы:

Әкең қазақ, шешең-қазақ, қарағым,

Сенде ұлысың мынау дарқан дала-
ның.

Әр халықта ұлттық намыс деген бар,

Оны биік қасиет деп санағың.

6-оқушы:

Жеті атанды, руынды білмейсің,

Үлкен сөзін құлағыңа ілмейсің.

Әкеңменен әңгімеге зауқың жоқ,

«Мен білмес» деп тілді бұрып күр-
мейсің.

Жауап қаттың маған орыс тілінде,

Таласым жоқ, болар сенде білім де.
Басқа тілді білген жақсы, бірақ та,
Таза сөйле өз анаңның тілінде.

7-оқушы:

Жас адамсың, басқа сенің мінің жоқ,
Менің сенен жасыратын сырым жоқ.
Отан, Ана, Ана тілің — үш Айың,
Осыларсыз болашақта күнің жоқ.

1. «Үш бақытым»;
2. Хор «Менің Қазақстаным»;
3. «Қазақтарды қонақтармен таныстыру»;
4. Ән шашу.

2-жүргізуші: Қазір, «ата-баба ұлағаты» атты қазақ ырымдарымен танысамыз. (Сахнада ұлттық киімде, ана, әже, ата, әке отырады. Бірі текеметтің үстіне, бірі диванға, бірі орындыққа жайғасқан).

10 жасар бала:

Табалдырықта тұрып алады.

Әке: Балам, табалдырықта тұрма.

8 жасар қызы:

Табалдырықты керіп тұрады.

Ана: Қызым, босағаны керме.

7 жасар бала: Үйде ысқырады.

Атасы: Балам, үйде ысқырма.

8 жасар бала: Үйді айналып жүгіреді.

Әже екі немересін ұстап: Балаларым, үлкеннің айтқанын тыңдап алған дұрыс, жаман ырым жамандыққа бастайды, дейтін әже-аталарымыз. Айға қарап дәрет алмайды. Бас киімді теріс қаратып киюге болмайды. Мойынға белбеу салған жаман ырым. Күлді баспа, бүйірінді таянба, адамды айналып жүгірме. Қарақтарым, осындай ырымдарды еске алып жүрсеңдер, әдепті, ибалы адам боласыңдар. Үлкеннен бата алуға тырысыңдар. «Баталы құл

арымас, батасыз құл жарымас», - деген бабаларымыз.

Көркем сөз:

Ежелден-ақ еліміз ірі, іргелі,
Шежіреміз, тарихымыз ілгері.
Менің тілім Қаз дауысты Қазыбек,
Әйтеке мен Төле бидің тілдері.

Алғаш рет ана сүтін жұтқам-да,
Алғаш рет ана тілім ұққан-да.
Өз анамды «мама» демей ана деп,
Алғаш рет тілім менің шыққан да.

Тегін білмеу жетесіздік жат маған,
Тілім — арым, ол арымнан аттаман.
Дүние есігін сол тіліммен ашқан-мын,

Келмеске де сол тіліммен аттанам.

Келесі кезекте халық әндерінен музыкалық насихатнама айтылады.

1. «Гүлдерайым»;
2. «Үкілім-ай»;
3. «Келіншек биі» орындалады;
4. «Қарындасым» әні.

1-жүргізуші:

Ана-тілім жүрегiсiң анамның,
Жүрек ана, мен өзiңнен жаралдым.
Сағат сайын саулығыңды тiлеймiн,
Сенсiз маған керегi жоқ ғаламның.

2-жүргізуші:

Сенің арқаң қанып ішсем тұнықтан,
Сенің арқаң дүниеден сыр ұқсам.
Анашынды ұмытқаның емес пе?
Ана тілін егер сені ұмытсам.

Екі жүргізуші хормен:

Сенің әрбір тынысыңмен күн кешем,

Сен арқылы тіршілікпен тілдесем.

Ел бетіне қалай тура қараймын,

Ана тілім, егер сені білмесем.

«Анамның тілі» әні орындалады.

Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе...



А. АБДРАЗАКОВА,
«Б.К. Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназия»
КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі.
Қазалы ауданы,
Қызылорда облысы.

Мақсаттары: оқушыларға қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың өмір жолымен, өлеңдерімен, нақыл сөздерімен таныстыра отырып, өлеңді мәнерлеп, саналы түсініп оқуға машықтандыру; оқушылардың дүниетанымын кеңейту, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту, жүйелі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; оқушыларды адамгершілікке, адалдыққа, талапты болуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: слайдтар, Абай туралы жазылған нақыл сөздер, суреттер.

Барысы:

- Армысыздар, саналы сөзді сары алтыннан артық бағалаған қадірменді қонақтар мен құрметті ұстаздар және білім алушылар!

Ақыл-ой ақындықтың киесі — Абай!

Түгел сөздің түбі бір жүйесі — Абай!

Адамдық ар-ұяттың данышпаны

«Өлең — сөздің патшасы» иесі, - Абай, - демекші, бүгінгі 2-сыныптарда өткізгелі отырған «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе...» атты мәнелеп оқу сайысымызға қош келдіңіздер!

- Абай — қазақ халқының ұлы перзенті, асқан дарын иесі. Абайдың өнегелі өмірі, қазақпын деген әрбір ұланның жүрегінде мақтаныш сезімін ұялатады. Абайдың әр сөзі білген адам үшін өнеге, өсиетке толы. Сондықтан Абай сөзімен айтсақ, Адам болам десеңіз Абай жолымен жүріп, ата баласы емес адам баласы болып, адамгершілік пен ізгілік қасиеттерін бойға сіңіре беріңіздер деп, - сайысымызды бастайық.

- Олай болса, зор құрмет көрсете отырып, мәнерлеп оқу сайысына қатысушы мүшелерін ортаға шақырайық.

- Сайысымызды бастамас бұрын бүгінгі бәйгеге қазылық ететін алқа мүшелерімен таныс болайық.

Мәнерлеп оқу сайысы II тур бойынша өтеді.

I тур екі кезеңнен тұрады.

1-кезең «Абай әлемі» деп аталады. Яғни бұл кезеңде ақын өмірінен берілген сұрақтарға жауап береміз.

2-кезең. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» бұл кезеңімізде сайыскерлер өлеңді мәнерлеп, жатқа орындауы тиіс. (Ортадағы жасырыл-

ған қағаздан ақын өлеңін бірін таңдап, сол өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Екі кезеңде аз ұпай жинаған оқушылар келесі турға жіберілмейді)

II тур

3-кезең. «Жақсы сөз жалын оттан шығады» яғни, әр оқушы берілген өлеңді қарасөзге айналдырады.

4-кезең. «Жыр жазамын Абайдың үлгісімен» шығармашылық кезең деп аталады. Абай өлеңінің бір тармағы беріледі, қалған тармақтарын сайыскерлер құрастырып, 1 шумақ өлең шығарады.

5-кезең. «Абай айтқан асылдар» бұл кезеңде сайыскерлер берілген нақыл сөздердің жалғасын табады.

Сайысымыздың шарттарымен таныс болсақ, барлық қатысушыларымызға сәт сапар тілеп, сайысымызды бастаймыз.

Ақынның ата қоныс жері қандай?

Ата-баба, әулеті, тегі қандай?

Ақынды тебіrentкен, күңіrentкен,

Ұшқан ұя, ортасы, елі қандай?

- дей келе, сайысымыздың **бірінші «Абай әлемі» кезеңі** бойынша сұрақтарға жауап береміз.

1. Абай қай жерде дүниеге келген? (Семей облысы, Шыңғыс тауының бөктерінде)

2. Абай қай күні, қай жылы туылған? (1845 жылы 10 тамызда)

3. Абайдың руы, қандай ортадан шыққан? (Тобықты)

4. Абайдың шын аты кім? (Ибрагим)

5. Абайдың әкесінің аты кім? (Құнанбай)

6. Әжесінің аты кім? (Зере)

7. Абайдың анасының аты кім? (Ұлжан)

8. Абай наше жасқа дейін оқыған? (13)

9. Абай кім? (Ақын, сазгер, аудармашы, т.б.)

10. Қандай өлеңдерін білесің? («Жаз», «Қыс», т.б.)

Кейінгі ұрпақ жырларын жаттап қанықты,

Үлгі тұтып бәйтеректей алыпты.

Көкірегі ояу, сезімді ұрпақ қайда-сың?

Өлеңдер оқып, өзінді бір танытшы, - дей, келе сайысымыздың **«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»** деп аталатын **екінші кезеңімізді** бастаймыз. (Жеребеге тасталған өлеңнің біреуін алып, мәнерлеп жатқа айтады)

Абайдың сөзінде,

Ұлылық ұйып тұр.

Ойлы ақыл, сезімге,

Бар қазақ сыйып тұр, - дегендей, **«Жақсы сөз жалын оттан шығады» үшінші кезеңі** бойынша сайыскерлеріміз ақынның өлең жолдарын көркем тілмен қара сөзге айналдырады.

Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы,

Масатыдай құлпырар жердің жүзі.

Жан-жануар, адамзат анталаса,

Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Түйе боздап, қой боздап, қорада шу,

Көбелекпен, құспенен сайда да ду-ду.

Гүл мен ағаш майысып қарағанда,

Сыбдыр қағып, бұрандап, ағады су.

- Ендеше, сайыскерлеріміздің қа-

ламы қарымды, шабыттары шарықтасын деп, сәттілік тілейміз.

Сайыскерлеріміз тапсырмасын орындап болғанша, 4-сынып оқушысының өнерін тамашаласақ.

Әннің де естісі бар, есері бар,

Тыңдаушының құлағын кесері бар.

Ақылдының сөзіндей ойлы-күйлі,

Тыңдағанда көңілдің әсері бар, - деп Абай атамыз айтқандай, келесі кезекті әсем әнге береміз.

- Орындайтын 2-сынып оқушылары.

Сайысымыздың төртінші кезеңі «Жыр жазамын Абайдың үлгісімен» шығармашылық кезең деп аталады.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоқ барды, ертегіні термек үшін.

Көкірегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, - деп Абай атамыз жырлағандай, өзі салған өрнекті өлең үлгісімен бүгінгі ұрпақтары өлең шумақтарын құрастырады.

Ол үшін Абай өлеңінің бір тармағы беріледі, қалған тармақтарын сайыскерлер құрастырып, 1 шумақ өлең шығарады.

1. Жаздыгүн шілде болғанда,

2. Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,

Асыл сөзді іздесең,

Абайды оқы, ерінбе!

Адамдықты көздесең,

Жаттап тоқы көңілге, - деп, С. Торайғыров жырлағандай, сайы-

сымыздың ең соңғы кезеңі «Абай айтқан асылдар» деп аталады. Яғни, бұл кезеңімізде сайыскерлеріміз нақыл сөздердің жалғасын табады.

1. Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан.

2. Біліміден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез

3. Атаның баласы болма.
Адамның баласы бол.

4. Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат рақым, ойлап қой.

Бес асыл іс көнсеңіз.

5. Досы жоқпен сырлас,
Досы көппен сыйлас.

Әділ қазы мүшелері қорытынды бағасын шығарамын дегенше, 3-сыныптың өнерін тамашаласақ.

Биші қыздар әсемдікпен бұралғанда,

Жанарың жалын атпай тұра алған ба?

Алыстап кеткендейсің бір арманмен,

Жақындап қалғандайсың бір арманға, - дей келе, 3-сыныптың мың бұралған биші қыздарына кезек берсек.

Қорытынды.

Сайысымыздың әділ бағасын беріп, бүгінгі сайыскерлерімізді бірін тұлпар, бірін қыран деп айтатын сәтке де келіп жеттік. Олай болса, әділ қазылар алқасының төрайымына сөз кезегін ұсынамыз.

Көңіл қойып тыңдағандарыңызға рахмет! Қош сау болыңыздар.

Қызды тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз

Мақсаты: аналармен жан-жақты қарым-қатынас жасай отырып, қыздардың өмірге икемді, еңбекқор әрі адамгершілікті етіп тәрбиелеу. Әрбір қыз баланың бойынан асыл қасиеттерді табу.

Көрнекіліктер: *Ұлағатты сөздер:*

«Баланы дәл өзіңдей етіп тәрбиелемей, келешек заманға лайық етіп тәрбиеле». М. Жұмабаев,

«Бірлесіп пішкен тон келте болмас». Қазақ халқының мақалы.

«Балаға мінез үш алуан адамнан жүғады, біріншісі — ата-анасы, екіншісі — ұстазы, үшіншісі — құрдасы». Абай Құнанбайұлы.

«Күллі ғажайыптың ішіндегі ең тамашасы — жақсы тәрбиеленген адам». Эпиктет.

«Тәртіптің ең тамаша мектебі — отбасы». С. Смайлыс.

Тәрбие сағаттың түрі: «Дөңгелек үстел» ашық әңгіме.

Барысы:

I. Кіріспе

- Тәрбие тағдырын алдымен отбасы, мүшелері шешеді. Ата-ана көбіне ақыл айту әдісіне бой алдырады. Көзін ашқалы естігені өйтпе, бұйтпе болғасын бала әлдеқашан жауыр болған. Есейе келе қолды бір-ақ сілтейді. Бала машина емес, жолдан шығып кетсе, дұрыс жолға көңілдегідей түсе қоймайды.

Аналар мен сынып жетекшінің еңбегі ол қыздарымызды инабатты, білімді етіп тәрбиелеу. Бүгінгі біздің дөңгелек үстел басындағы ашық әңгіmemіз қыз бала тәрбиесінде кездесетін қиындықтар, қыз бала мен ананың арасындағы ара қатынас туралы болмақ. Мен Сіздерге өмірлік жағдаяттар айтамын, ал Сіздер өз ойларыңызды ортаға салып, бәріміз бірге талқылайық.

«Қызға қырық үйден тыйым», деп қазақ халқы қыз тәрбиесіне аса мән берген.

«Баланың жақсысы — қызық, жаманы — күйік», - Абай атамыз ащы шындықтың бетін ашып тастаған.

Біздің білеріміз — ешкім де күйінгісі келмейді, тек қызық көрсек деп ой кешеді. Көпшілігі жолын таппай сарсаңға түседі, бірақ ізденіс қана мұратты жолда сенімділікке бастар.

I жағдаят

Қыздарға: «Сіздер дүкеннен жаңа сән үлгісінде тігілген, әдемі киім көрдіңіздер. Сізге дәл болды, бірақ бірер күн бұрын ғана басқа киім сатып алдыңыздар. Ұнатқан киімді аналарыңызға алдыртасыздар ма?»

Аналарға: «Қыздарыңызға ұнатқан киімін әперуге артық қаражат жоқ. Қызыңызға не дейсіз? Әпересіз бе?»

II жағдаят. Аналарға:

«Қыздарыңыз, кешкі сағат 7-8 де

отырысқа, кафеге сұранды. Сіздер бұл жағдайда қандай әрекет жасар едіңіздер?»

Қыздарға: «Қыздар аналарыңыз жібергісі келмейді, қалай кетесіздер?» Дебат.

III жағдаят

Адамгершілік, тазалық қасиеттерін өз бойымызға дарытудың бірден-бір жолы — имандылық. Кейбіреулер имандылық тек діни қағидалар деп шошынады. Ол, әрине, мүлдем қате.

Қыздар: «Имандылық жолына қыз баланың түсуі дұрыс па?»

Аналар: «Сіздер балаларыңыздың діни көзқарасы өзгергенін байқадыңыздар.

Сіздердің әрекеттеріңіз?» Пікір алмасу.

Музыкалық үзіліс. Ән тыңдау.

IV жағдаят. Махаббат туралы М. Мақатаевтың өлеңі.

Қыздарға: «Сіздер өздеріңізден 3-5 жас үлкен жігітпен таныстыңыздар. Сіздерге ол жігіт ұнайды. Осы жігітті ұнататыныңыз жайлы аналарыңызға айтасыздар ма?»

Аналар пікірі.

V жағдаят:

«Қыз мінезі — қыздың жиған жүгіндей», «Жердің көркі — гүл, елдің көркі — қыз» деген сөздер бекер айтылмаса керек. Қыз бала өзінің нәзіктілігімен, сүйкімділігімен, өзіне тән сыртқы және ішкі рухани сымбаттылығымен көз тартуы тиіс, «Қызға қырық үйден тыйым», -дейтін халқымыз, сол қырық үйдің ең бірінішісі — өз бесігін, өз үйін — алтын босаған. Олай болса, қыз баланың тәрбиесі ең алдымен үйден

басталады, ол анаға байланысты. Қай заманнан қазақ халқы әйел-ананы құрмет тұтып, оларды еліміздің, отбасының қуаты деп құрмет көрсеткен. «Жігіттің жақсысы — қыздай, қыздың жақсысы уыздай» деген мақалы, және Платонның: «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қызды тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз», - деген қанатты сөзі халық болашағы үшін дұрыс айтылған. Ұрпақ тәрбиесін бесіктен бастай отырып, сол бесікке ие болатын қыздарымызды жас отаудың алтын қазығы болатын дәреже келтіру керек.

«Қызың үйде, қылығы түзде», - деген мақалды еске ала отырып, ата-ананың аясындағы бойжеткеннің оң жақта отырып жүкті болуын қай дәстүрге жатқызамыз? (Аналарға сұрақ)

Бұған кім кінәлі? Бұндай келеңсіз жағдай болмау үшін не істеу керек?

Қазіргі заманда қыздарға мейіріммен қарап, қамқорлы болатын әділ, нарқасқа жігіттерді жоғалтып алдық. «Қолымен істегенін мойнымен көтере алатын» - азаматтық-жауапкершілігі мол жігітті табу қиын ба деп ойлаймын.

Қыздарға: Сіздер өз бойларыңыздан өзгерістер байқадыңыздар. Сіздердің іс-әрекеттеріңіз? Анаға айтамыз ба? Пікірлерін тыңдау.

VI жағдаят

Баласына қуаныш, шаттық, бақытты өмір сыйлайтын — ата-анасы. Маңдайына берген бақ-дәулет, несібесіне жеткізетін де ата-анасы. Бұл дүниенің барлық жақсылығын баласына тілейтін де ата-анасы. Баласына сапа-

лы білім, саналы тәрбие беріп, жетер жеріне дейін жеткізетін де ата-анасы. Баласын парасатты азамат етіп тәрбиелеу – әрбір ата-ананың өмірлік парызы. Қоғам алдындағы міндеті.

Аналарға: Бірақ, ҰБТ сынағына балаларын дайындауда аналар, жауапкершілік таныта аласыздар ма? Бүгінгі шұғыл өзгерістерді жүрегімен нақты сезініп, балаларға жан-жақты жағдайлар, мүмкіндіктер, психологиялық дайындықтар жасай аласыздар ма?

Қыздар, Сіздер ҰБТ-да қандай дайындық және қандай нәтиже көрсете аласыздар?

Қорытынды:

«Бірлесіп пішкен тон келте болмас» деген мақалға сүйене отырып, біз қыздарымызды дәл өзіміздей етіп тәрбиелемей, келешек заманға лайық етіп тәрбиелейік.

Құрметті аналар, келгендеріңізге рахмет. Сіздерге шыдамдылық, денсаулық тілеймін.

Н. САДЫҚОВА,
«Аягөз ауданы білім бөлімінің
Ақтоғай жалпы
орта білім беретін мектебі»
КММ мұғалімі.
Аягөз ауданы,
Абай облысы.

Әке – асқар тауым

Мақсаты: отбасындағы балалар мен жастар тәрбиесіндегі ер адамдар мен әкелердің рөлін көтеру. Ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екенін дәріптеу.

Кештің жоспары:

1. Кіріспе сөз;
 2. Оқушылардың құттықтауы;
 3. Баяндама «Әке отбасының тірегі»;
 4. Психологиялық тренингтер;
 5. Оқушылар жетістігі;
 6. Концерттік бағдарлама.
- Құрметті бүгінгі кешке қатысушы әкелер, ұстаздар, сіздерді 15 маусым – әкелер күні мерекесімен құттықтаймыз.

Әке деген биік шыңы адамның,
Әке деген тірегі ғой ғаламның.
Әке деген бойың да аққан қаның да,
Шыққан тегің, ол негізің, жаның да.
Не десеңде әке жолы бір бөлек,
Қайда жүрсең қолтығыңнан тұр демеп.

Нағыз әке ақылгөй де асқар жан,
Барлық ұрпақ әкелерден басталған
дегендей әкелерге арналған «Әке – асқар тауым» атты кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Әке – әркімнің сүйенер тіреуі. «Әкеге қарап ұл өсер» дегендей әкенің балаға үйретері көп. «Әке» деген сөз қандай жақын, қандай ыстық десеңізші! Өмірде әкесін жақсы көрмейтін бала

жоқ шығар, өйткені бала үшін әкенің орны бөлек қой.

Келесі кезекті бүлдіршіндер құттықтауына берейік.

1-оқушы:

Жүздеріңнен көрем шаттық арайын,
Болсын солай әрбір күнің, әр айың.
Тойларыңыз құтты болсын, әкелер,
Балаларың төге берсін мерейін.

2-оқушы:

Есімде бейнесі әкемнің,
Күлімдеп маған қарайтын.
Мен саған талпынсам,
Құшағын жая сап көтеріп алатын.

3-оқушы:

Сәулелі сөз сөне ме,
Орны бөлек батаның.
Бізге тәлім өнеге,
Ақ тілеуі әкенің.

4-оқушы:

Әр сөзінің ақырын,
Жақсылыққа тірейді.
Қадап айтқан ақылын,
Көпке бақыт тілейді.

5-оқушы:

Атамның ән-күйі ғажайып,
Әжемнің әлдиі ғажайып.
Анамның мейірімі ғажайып,
Әкемнің пейілі ғажайып.
Осындай жақсы әдет ғажайып,
Қалмасын ешқашан азайып.

6-оқушы:

Әкем шытса қабағын -
«Байқа, балам» дегені.
Алған көп-ақ сабағым,
Жақсы көрем мен оны.

7-оқушы:

Бойға қуат береді,
«Әй, жарайсың» дегені.
Мен әкемнен әр кезде,

Соны естігім келеді.

8-оқушы:

Сабағымнан қалмаймын,
Бес аламын бәрінен.
Озат оқып әрдайым,
Қуантамын әкемді.

9-оқушы:

Ойнаймыз, күлеміз,
Жарқылдап жүреміз.
Әкені сыйлаймыз
Айтқанын тыңдаймыз.

10-оқушы:

Арайлы ақ тілекпен,
Ән жолдаймын өзіңе.
Сағыныш сазды жүрекпен.
Сыр арнаймын өзіңе.
«Әкем әнім» әні орындалады.

Баяндама. «Әке — отбасының тірегі».

Бұл да әкеге байланысты ардақты айтылған сөз. Барлық адамдар әкені құрметтеуі, аялауы оны өзінен жоғары ұстауы керек. Дін мұсылман жолында әкені құрметтеу айрықша парыз. Әкеге бағыну — Аллаға бағыну. Оның алдында күнәһар болу — Алла алдында күнәһар болу, - дейді Пайғамбарымыз.

Психологиялық тренингтер өткізу.
Мектеп психологы Г. Сайхаденова.

Әкенің ақ тілеуін өтеу парыз,

Мен бүгін әкемді айтып толғанамын», - дегендей, әкені ардақтау — әркімнің міндеті, себебі әке — бұл өмірде өте қымбат адамдардың бірі болып табылады.

11-оқушы:

Қандай қымбат сөз еді «әке» деген,
Әке емес пе өсіріп мәпелеген.
Әкесі бар балалар болады екен,
«Аспандағы айды да әпер» деген.

Ақылменен терең ойлап тараса,
Әке деген алдындағы парасат.
Өміріңнің өшпей мәңгі іздері,
Артымыздан ере бергін балаша.

Концерттік бағдарлама.

Бұл өмірде алуан түрлі тағдыр бар. Алайда өмірдің есігін көзін тырнап аша салысымен әкенің «Балам, ботам» деген еркелетер сөзін естімей жетім немесе тастанды бала болып дүниеге келіп жатқан сәбилер де бар. Сәби көңіл әкесі тіпті ол ойлағандай жақсы адам болмаса да, «Шіркін, әкем болса қандай жақсы болар еді!» деп армандайды. Тамақтың тоқтығы, киімнің бүтіндігі,

ұйқының тыныштығы — осының бәрі де асқар таудай айбатты әкелердің арқасы. Ендеше, бар баланың бақытына бір Алладан кейінгі «Әкелер» аман болса екен деймін.

Эльмира РЫСҚАЛИЕВА,
М. Бегалиева атындағы орта жалпы
білім беретін мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Бөрлі ауылы,
Бөкей Ордасы ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Шығыстың шынары — Әлия



Клара Прмашқызы
АБЖАППАРОВА,
Кентау көпсалалы
колледжінің
кітапхана
менгерушісі.
Кентау қаласы,
Түркістан облысы.

Мақсаты: Ұлы Жеңістің қаншалықты қиындықпен келгенін, еліміздің басына түскен ауыр күндердегі халқымыздың майдандағы батырлардың ерен ерліктері туралы мәліметтермен таныса отырып, студенттердің еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, батыр апамыз Әлияның ерлік істерін, Отан сүйгіш қасиеттерін мақтан ете отырып, патриоттық тәрбие беру.

Көрнекілігі: слайдтар, «Мергендер» фильмінен үзінділер, портреттер, кітап көрмесі, кештің тақырыбы.

Кітапханашы: 1941 жылы 22 маусымда елдің басына қара бұлт үйіріліп, елдің тыныштығы бұзылды, яғни неміс басқыншылары тыныш жатқан Кеңес Одағына тұтқиылдан соғыс жариялады. Туған жерімен, елімен, туған-туыстарымен қоштасып қан майданға аттанған азаматтар. Міне, сол соғысқа аттанғандардың арасында «Шығыстың қос шынары» атанған батыр қыздарымыз Әлия мен Мәншүк және көптеген апаларымыз да бар еді.

Әлия мен Мәншүк қайсар қызы қазақтың,

Ерлігіне танданамын ғажап тым, — деп ақындарымыз жырлағандай, құр-

метті ұстаздар, оқушылар, біз бүгінгі кешімізді ер етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішкен заманда ерлермен бірге қару алып соғысқа аттанған батыр қыздарымыздың бірі – Әлия Молдағұлованың ерлігіне арнаймыз. Әлия есімі біздің жадымызда мәңгі ұмытылмақ емес. Қазақ халқының мәртебесін биікке көтерген, қазақ қыздарының мерейін аспандатқан Әлиядай жарық жұлдызымыздың және де қасық қаны қалғанша Жеңіс үшін күрескен батырларымыздың рухына басымызды иіп, 1 минут үнсіздікпен еске алайық.

1-жүргізуші: Ассалаумағалейкум құрметті оқытушылар мен студенттер. Ұлы жеңістің 80 жылдық мерекесі құтты болсын!

2-жүргізуші: Ә. Молдағұлова апамыздың 100 жылдың мерейтойына арналған «Шығыстың шынары – Әлия» атты тарихи кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

1-жүргізуші:

Көп қой батыр ағалар,
Халық сүйіп бағалар.
Жаттап алар балалар,
Болашақты бізге мирас етем деп,
Қыршын кетті Әлиядай апалар,

2-жүргізуші: Шығыстың батыр да өжет қызы – Әлия Молдағұлова 1925 жылы 15 маусым күні Ақтөбе облысы, Қобда ауданының Бұлақ ауылында дүниеге келген. Анасы Әлияны «Ақ моншағым» деп еркелетіпті. Әкесі Сарқұлов Нұрмұқанбет 1896 жылы туылған, анасы Молдағұлова Маржан. Әлия 8 жасқа толғанда анасы қайтыс болады. Әкесіне Әлияны бағу қиын болғандықтан оны нағашысы Әубәкір Мол-

дағұловтың тәрбиесіне береді.

1-жүргізуші: Нағашысының жанұя жағдайына байланысты, 1935 жылдан бастап Ресейдің Ленинград қаласы Красногвардейский ауданы, Гурдин көшесіндегі №46 балалар үйінде тәрбиеленіп, сонда оқиды. Орыс тілін білмейтін кішкентай қызға орыс мектебінде оқып, дос табу оңайға түспеді. Табиғатынан қайсар қыз сабақты жақсы оқиды. Санкт-Петербургтегі №9 орта мектепте білім алады. Соғыс басталған жылы балалар үйі Ярославль облысының Вятское селосына эвакуацияланған. Әлия осындағы Вятское орта мектебінің 7-сыныбын аяқтаған соң Рыбинск авиациялық техникумына оқуға түседі. Жастайынан ерекше ұстамды, зерек, жаңалыққа бой ұрғыш болып өседі. Соғыс басталғанда ол небәрі 17 жаста болатын.

2-жүргізуші: «Әлия менің көз алдымда. Ол орта бойлы, сымбатты еді. Ұзын кірпікті, әдемі қара көзі ерекше көзге түсетін. Өмірде салмақты, аздап тұйықтау болатын. Өзі туралы аз айтатын, сирек күлетін. Мен оны қарапайым, барлық достарымен ақжарқын күйінде есте сақтадым. Соғыстан хабар болса, оның қасы түйіліп, өңі сұрланып кететін», - деп еске алады, балалар үйінің мұғалімі Суворова.

«Қазақ қызы» әні орындалады.

Көрініс: (Әлия военкомға келіп, өз еркімен майданға жіберуін өтінеді)

1-жүргізуші: Алайда 1942 жылы Жұмысшы-шаруа Қызыл Әскеріне майданға жіберу туралы өтініш жібереді. 1943 жылы мергендер даярлау жөніндегі Орталық әйелдер мектебін аяқ-

тап, осы жылдан бастап 54-арнайы атқыштар бригадасы 4-батальонының снайпері болған.

2-жүргізуші:

Ару қыздар — алаулап от кешкендер,
Сыздап тұр-ау әлі күн оқ тескен жер.
Қаласындар мәңгілік ел есінде,
Ару қыздар — алаулап от кешкендер.

1-жүргізуші: Келесі кезекті Әлия апамызға және де барлық батырларымызға арнаған ақындардың өлеңдеріне берсек.

(Оқушылар шығып өлеңдер оқиды)

2-жүргізуші:

Шаттансаң қыз тудым деп қазақ шаттан,

Әлия Отанына болған мақтан.

Казачиха дөңінде тұлғасы тұр,

Дегендей: «Ерлікке аттан, еңбекке аттан!»

Көрініс.

1-жүргізуші: 1944 жылдың 14 қаңтары. Төртінші батальонға жауды Казачиха деревнясынан алып шығу тапсырылған. Берік бекініс жасап, қалған басқыншылар пулеметтен, минометтен, зеңбіректен оқ жаудыртты, Әлия-

ның бөлімше командиріне оқ тиіп, ол саптан шықты. Жауынгерлер кібіртіктеп, кейін шегіне бастады. Осындай сын сағатта Әлия: «Бауырлар! Отан үшін алға!» - деп ұран тастап алға ұмтылды. Рухтанған солдаттар қарша бо-раған оқтарға қарамастан, дұшпанның траншеясына батыл еніп кетеді. Осы шайқаста Әлия оққа ұшады.

2-жүргізуші: Ерен ерлігі үшін Әлия Молдағұлова Нұрмұқанбетқызына КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылғы 4 маусымда «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді. Әлия туған Қазақстанның, туған жерін, елін шексіз сүйді. Оның есімін мәңгі ұмытпаймыз.

Көрініс. (Ата немересімен шығып арнауын айтып ескерткіштің алдына гүл шоғын қойып, құран бағыштайды)
«Әлия» әні орындалады.

1-жүргізуші: Бүгінде Әлия Молдағұлова есімімен аталатын теплоход, мектептер, бригадалар көптеп саналады. Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың музейі Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің бұйрығына, Министрлер Кабинетінің 1980 жылғы 5 маусымдағы қаулысына сәйкес құрылады.

Е. Хасанғалиевтің «Әлия жаны», Мансур Сағатовтың симфониясы, Б. Аюхановтың балеті Әлияның есімін ғана емес оның ерлігін қастерлеп, аруағына риза





болу емес пе?! Әлия туралы көптеген кинолар да түсірілді.

Москвада, Ленинградта, Ақтөбеде, Қобдада, Новосokolьники қалаларында Әлия Молдағұлова атындағы мұражайлар, көшелер бар.

2-жүргізуші:

Болса да күткені таң, аңсары — нұр,
Он тоғыз жаспен бітті барша ғұмыр
Он тоғыз жастағы сол Әлияны
Күтумен сарғайды бел, шаршады қыр.
Сағынса жер шалғында, аспан —
қазды,

Күтті ол бейбіт сәуле шашқан жазды,

Алия майдандағы ерлігімен

Он тоғыз жас туралы дастан жазды.

Оранды жайсаң күндер, тұнық таңдар

Есімін батырлардың, ұлықтардың
Он тоғыз жас толған балғын ұрпақ
Салмағын он тоғыздың ұмытпандар

1 жүргізуші:

Батырлар рухы өшпесін,

Соғыстың бұлты көшпесін.

Болашақтағы жас ұрпақ,

Қайтып соғыс көрмесін.

2-жүргізуші:

Оу, адамдар, даналар!

Соғысқа қарсы балалар,

Өркендей берсін қалалар,

Гүлдене берсін далалар, - дей келе,
қасық қаны қалғанша жаумен жан
аямай шайқасқан батырларымыздың
ерліктерін ешкім де, ешқашан да
ұмытпауға тиіспіз. Бүгінгі тарихи кешімізді
аяқтай отырып, «Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген» әнін хормен айтамыз.

Қорытынды: Жеңіс бізге онайлықпенен келген жоқ, сондықтан да оқушылар Отанымызды, елімізді сүйіп, оны қорғай білейік. 19 жас қана өмір сүріп, ғасырға жетерлік ерлік жасаған Әлия апамыздың және де барша батырларымыздың өмірі бізге өнеге. Әлия Молдағұлованың бейнесі мәңгі жадымызда сақталады.

Жан қазынасы – адамгершілік негізі



**Нұрбек
БЕКБАУОВ,**
№9 орта мектептің
дене тәрбиесі пәнінің
мұғалімі.
**Қызылқоға
ауданы,
Атырау облысы.**

Мақсаты:

1. Білімдік-танымдық: оқушылардың білімдік дағдысын қалыптастыра отырып, діни бағыттағы сауаттылығын жетілдіру арқылы сөйлеу тілін дамыту, адамгершілік қасиеттерін шыңдау. Әр ортада өздерінің жан-жақтылығын жетілдіру, таныту, толеранттылыққа баулу;

2. Тәрбиелігі: жасөспірімдердің ой-санасын оята отырып, өзін-өзі тануға және бағалауға, адамгершілікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу;

3. Дамытушылық: оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, рухани дүниесін жетілдіру.

Міндеті:

1. Бәсекеге қабілетті дені сау, жан-жақты, білімді, сауаттылығы жетілген тұлға даярлау;

2. Оқушылардың өз ойларын ортаға салып, ашып айта білуіне дағдыландыру.

Түрі: пікіралысу.

Әдісі: парламенттік шоу бағдарламасы желісінде (миға шабул жасау, сыни тұрғыда ойлауға үйрету әдісі)

Көрнекілік: мультимедиялық тақта, бейнетаспа, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, т.б.

Тәрбиелік бағыты: ақыл-ой. Рух. Адамгершілік.

Барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі. Оқушыларға «Балам, анау не?» атты жағдаят сұрақтарына ой жүгірту.

«Ата-ананың ақысы дегенді қалай түсінесіңдер?» деген сұрақ беріледі. Сұраққа оқушылар топтасып жауап береді.

II. Шараның бағдарламасымен таныстыру.

1. Шындық пен сұмдық атты бейнетаспаға назар аударылады;

2. Адамның жан қазынасын қалай түсінеміз? (Көрермендерге сұрақ беріліп, пікірлесуге мүмкіндік жасалады);

3. Ата-ананың қадірін, адам қасиетін, жан қазынасын түсіну. (халық, заңгер, ғалым пікірлері);

4. Рухани бастауымыз Ислам дінінде емес пе?

5. Алтынбек Қоразбаевтың «Әке мұңы» термесін тыңдау;

6. Шағын логикалық сұрақтарға жауап.

III. Қорытынды бөлімі.

1. Тренинг ойыны «Білгенге маржан» (әр оқушының бір сөзбен өз ойын қорытуы);

2. «Мен» топтастыру рефлексия, «Не білдік?»

Шараның барысы.

- Қайырлы күн құрметті ұстаздар, оқушылар және бүгінгі шарамыздың арнайы қонақтары!

(Шараның мақсаты мен міндеттері, жүрісі, мазмұны және өту барысы таныстырылады)

Сынып жетекшісі сөзінен кейін «Балам, анау не?» атты жағдаятты шешуге уақыт беріледі.

Жағдаят: «Балам, анау не?»

...Ертеде бір үлкейген қарт қатты сырқаттанып жатса, жалғыз ұлы келіп:

- Әке, мен сені айшылық жерде аты шыққан тәуіпке апарып емдетемін, - депті. Сөйтіп әкесін арқасына салып, жолға шығыпты. Олар ұзақ жүріпті, қас қарайған кезде алдан қарауытқан сұлбаны көрсетіп әкесі:

- «Балам, анау не?» деп сұрапты.

- «Ол — түйе», - деп жауап беріпті. Сәлден кейін әкесі әлгі қарайған нәрсенің не екенін тағы сұрапты. Бала әуелгі жауабын қайталапты. Әкесі осы сауалын үшінші рет қайталап сұрағанда баласы:

- «Ол — түйе, түйе!» Өзім шаршап келе жатқанда, неге сұрай бересің? - деп ренжіпті. Сонда әкесі:

- «Балам, кішкене кезінде мен ауыр тірліктен шаршап келіп отырсам да, сенің «Анау не, мынау не?» деп күніне жүз рет сұрайтын сұрағыңа беті қайтпасын, жігері жасымасын деп үнемі жауап беретінмін. Бұл аурудан емделейін деген ойым жоқ еді, тек бетінді қайтармайын деп көнгенмін, енді сенен сөз естігенше, үйіме барып, ажалға мойын ұсынғаным артық, мені жерге түсір», - депті.

(Оқушылардан осы жағдаятқа орай ата-ананың ақысы дегенді қалай түсінетіндіктері сұралады)

- «Жақсыдан үйрен, жаманнан жиірен», - демей ме халқымыз. Сіздердің қысқаша ойларыңызды білдік, олай болса, бағдарламамызды жалғастыра отырып, орнымызға жайғасайық.

Мұғалім сөзі:

Өздеріңізге белгілі, қазіргі жаһандану үрдісінде елімізде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу басты назарда болып отыр. Ал адамның жан қазынасын, адамгершілік болмысын қалыптастыру да, кей адамдардың түрлі жағдайлармен бір-бірін түсінбеуі де сіз бен бізді толғадырады. Өйткені біз сол қоғамның ішіндеміз, яғни — оның мүшесіміз. Иә, бұның бәрі шындық десек артық болмас. Бәсекеге қабілетті ұрпақты жан-жақты қылып тәрбиелеу үшін алдымен жан қазынасының негіздерінің бірі, сенімділік пен шындықтың бастауына үңілу керек шығар. Мен бұл шараны, яғни «Жан қазынасы — адамгершілік негізі» атты тақырыпта өткізе отырып негізінен бала мен ата-ананың арасындағы қарым-қатынасқа арнаймын. Өйткені қазіргі таңда бұл мәселе де күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Шарамызды әрі қарай жалғастыра отырып арнайы дайындалған ата-ана мен бала қарым-қатынас туралы «Шындық пен сұмдық» атты бейнетаспаға зер салайық. Кейіннен өз пікірлерімізді әрі қарай жалғастырармыз. *(Бейнетаспа көрсетіледі)*

- Осы жерде пікіралысу сұрақтар арқылы жалғасады.

«Көргені жақсы көш бастар», - демей ме, «халық айтса — қалт айтпас», - деген тағы бар, олай болса адамның жан қазынасын қалай түсінеміз? Бұл жөнінде енді пікір білдіруді көрермендерге де берсек, бағдарламамыздың арнайы қонағы ауылымыздың тұрғыны Б. Амантұрлы ағамыздың пікірін білсек.

- Кейін оқушылар да пікір білдіреді.

«Жүректің түріп құлағын,

Ойланып тағы қарашы,

Кімсің сен? Қайда тұрағың?

Енді қайда барасың?» - деп Омар Хаям жырлап өткендей, ата-ананың қадірін, адам қасиетін, жан қазынасын түсінуде ойларын айтқан халық пікірі мен заңгер, ғалым ағаларымыздың ой-пікірлеріне назар аударалық. *(Арнайы дайындалған бейнетаспа көрсетіледі)*

Осы жерде пікіралысу сұрақтар арқылы тағы да жалғасады.

«Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол», - деп Абай атамыз жырлағандай, жан қазынасын ұғудың жолдарының бірі және рухани бастауымыз Ислам дінінде емес пе?

- Яғни, адами, рухани тәрбиенің бастауы жан қазынасынан басталады демей ме? Олай болса, кезекті тағы да бейнетүсірілімге берейік.

Осы жерде оқушылар мен көрермендер арасында ортақ пікіралысу жүреді.

«Өткенім бүгінгінің баспалдағы,

Бүгінгім ертеңіме бастар тағы», - дегендей кезекті «Әке мұңы» термесі тыңдалады.

Осыдан кейін оқушыларға логикалық сұрақтар беріледі:

1. Бүгінгі таңда әлемде күрделі мәселе болып отырған діни экстремизм Қазақстан үшін қаншалықты қауіпті?

2. Адамның жан қазынасына сырттан келген әр-түрлі діндердің әсері қандай? Жан қазынамызды қалай қорғаймыз?

3. Діни сауаттылықты қалай жетілдіреміз және толеранттылықты қалай сақтаймыз?

4. Қазіргі таңда жастардың жан қазынасынан, адамгершілігінен шатастырып жүрген түрлі ағымдар туралы не айтуға болады?

Тағы да басқа түрлі пікірлерге байланысты сұрақтар қойылып талқыланады.

Қорытынды:

Бүгінгі біздің пікіралысымызда еліміздің кез келген адамының ойына ой салардай мәселелер қозғалды. Біз ешкімге кінә артпаймыз, мін тақпаймыз, тек бәсекеге қабілетті ұрпақты қалыптастыра отырып, олардың ой-пікірлерін ашық айтқызу арқылы өзін-өзі тануын, өз жан қазынасына үңілуін таразыладық.

«Білгенге маржан»

Оқушыларға ойларын қорытып, шағын тұжырым жасау үшін арнайы сөздер беріледі. Оқушылар сол сөзге орай өз ойларын қысқаша білдіреді. Оқушылар осы шарада нені бойына сіңірді?

«Мен» атты топтастыру бөлімімен аяқталады.

Жігітке жеті өнер де аз

Сабақтың мақсаты: жігіттердің бойындағы өнерлерін шыңдау, шеберліктері мен шешендіктерін арттыру.

Барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Негізгі бөлім.

1-жүргізуші: Армысыздар, аса құрметті ұстаздар! Армысыздар күлкісі күмбірлі, шолпысы бұлақ сыңғырлы арулар!

2-жүргізуші: Қайырлы кеш! Әзілімізді ұға алатын, қиындықта сыналатын, қыздарды сыйлай білетін, жөн сөзді тыңдай білетін, қырандай алғыр, сұңқардай өр, достыққа адал жігіттер!

1-жүргізуші: Ендеше көп созбай сайысымызды бастайық.

2-жүргізуші: Олай болса, сайыстың бөлімдерімен таныстырып өтейін.

1-бөлім. Таныстыру;

2-бөлім. Сұрақ-жауап;

3-бөлім. Қол өнері. (Сайыскерлер алдын-ала дайындап келген құрал-саймандарымен қол өнерлерін ортада жасап көрсетеді);

4-бөлім. «Кім мерген?» ойыны;

5-бөлім. Өз өнері. (Сайысқа қатысушылар ортада өз өнерлерін спорттың түрінен көрсетеді).

1-жүргізуші: Сайыстың бөлімдерімен таныс болсақ, бүгінгі нар тұлғалы жігіттерімізге әділ бағасын беретін, әділ қазылармен таныс болайық.

2-жүргізуші: Қазақтың жігіттері кандай болу керек деп ойлайсың?

1-жүргізуші:

Нағыз жігіт қорған болар халқына,

Нағыз жігіт берік болар антына.

Нағыз жігіт жалғастырып дәстүрді,

Адал болар ата-баба салтына.

2-жүргізуші: Иә, бүгінгі мектеп партасында отырған ұл бала — ертеңгі жігіт, ер азамат. Ал азаматтың жүгі ауыр, себебі, мен қазақпын дейтін ер азамат өзінің шыққан тегін, кіндік кескен ата жұртын қастерлеуі шарт. «Ер жігіт — ел қорғаны» дей отырып, жігіттерімізбен таныса отырайық. Әр сайыскер өздерін таныстырады.

1-жүргізуші:

«Көсем жігіт» ел басқаратын жігіт.

«Шешен жігіт» дау шешетін жігіт.

Олай болатын болса, шешен де тапқыр жігіттерімізбен сұрақ-жауап бөліміне өтеміз.

1-сұрақ. Алдарыңыздағы қылыштың сабы, балдағы, жүзі, басы, ұшы деген атаулары бар. Енді осы қылыштың **балдағы** деген қай жер?

2-сұрақ. Алдарыңыздағы балтаның басы, жүзі, жалманы, шүйдесі, сағағы, сабы деген атаулары бар. Енді осы балтаның **шүйдесі** деген қай жер?

3-сұрақ. Алдарыңыздағы садақтың басы, иіні, белі, тобыршағы,

кірісі деген атаулары бар. Енді осы садақтың **белі** деген қай жер?

4-сұрақ. Алдарыңыздағы садақтың оғы табаны, қанаты, белі, сабы, басы, жебесі деген атаулары бар. Енді садақтың **қанаты** деген қай жері?

5-сұрақ. Алдарыңыздағы шоқпардың басы, сағағы, сабы, бүлдіргісі деген атаулары бар. Енді осы шоқпардың **сағағы** деген бөлігі қай жер?

2-жүргізуші: Өткенімізді карап отырсақ, ел бастаған көсем де, ділмар шешен де, ақиық ақын да, ел қорғаны батыр да осы жігітерден шыққан.

1-жүргізуші: Иә, алысты жақын тұтқан, жақынды бауыр тұтқан, туыстық желіні үзбеген, береке-бірлікті бұзбаған, қыздың жолы жіңішке деп қарындасын хан көтеріп сыйлай білген де қазақтың қара домалақ ұлдары.

2-жүргізуші: Қазақ халқында «Шебердің қолы ортақ», «Темірден түйін түйген» деген жақсы сөздер бар. Ендеше, жігіттеріміздің іскерлігін байқау мақсатында «**Қол өнері**» бөліміне кезек береміз. Әрбір сайыскер ортаға шығып, белгілі уақыт ішінде өздерінің қол өнерлерін жасайды. Ал, жігіттер, іске сәт!

1-жүргізуші: Қазақ жігіттері құралайды көзге атқан мерген, қырандай алғыр, сұңқардай өр, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қасқырдай өжет.

2-жүргізуші: Қабыландай сұсты, нардай төзімді, құландай сүйікті жігіттеріміздің ептілігін, мергендігін,

қырағылығын тексеру үшін «**Кім мерген?**» бөліміне кезек береміз. Бұл бөлімде жігіттер дөңгелек ішінде тігілген асықтарды атып, сыртқа шығаруы тиіс. Асықты неғұрлым сыртқа көп шығарған сайыскер, соғұрлым көп ұпайға ие болады.

1-жүргізуші: Халық арасында қыздарды ажарына қарай алтыға бөледі: әдемі қыз, көрікті қыз, ажарлы қыз, шырайлы қыз, ару қыз, әсем қыз.

2-жүргізуші: Ал, еліміз жігіттерді көсем жігіт, шешен жігіт, батыр жігіт, өнерлі жігіт, сері жігіт деп атайды.

1-жүргізуші: Олай болса, жігіттер, бір-біріңнен қалыспандар. Өнерлі жігіт мың құбылтып ән салып, күмбірлеген күй тартады. Өнерлеріңді ортаға салыңдар.

Бұл бөлімде жігіттер спорттың түрінен таңғажайып өнерлерін көрсетеді.

III. Қорытынды.

2-жүргізуші: Бүгінгі сайысқа қатысқан шебер де шешен жігіттеріміздің бағасын беру үшін сөз кезегін әділ қазылар мүшелеріне береміз.

1-жүргізуші: Қыздарымыз қызғалдақтай құлпыра берсін, ұлдарымыз ізгі армандарымызды орындай берсін деген тілекпен бүгінгі жігіттердің бақ сынасқан кешін аяқтаймыз. Келгендеріңізге үлкен алғыс білдіреміз.

Алмат ҚАЙЫРҚҰЛОВ,
№185 қазақ орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Кармақшы ауданы,
Қызылорда облысы.

Мен мамандық әлеміндемін



**Айнур
Ізтілеуқызы
РАЙХАНОВА,
Абай атындағы
мектеп-
гимназияның
психологы.
Сарқан қаласы,
Жетісу облысы.**

Мақсаты: оқушыларға мамандық туралы түсінік беру, оқушыларға қолдау көрсету, жоспарларын анықтау, мамандық таңдаудың қыр-сырларын меңгеру;

өз қалаулары бойынша мамандықты дұрыс таңдай білуге баулу, мақсат қоя білуге икемділіктерін қалыптастыру;

тұлғалық өсудің алғы шарттарын қалыптастыра отырып елімізге өз үлесін қоса білетін адал маман иесі болуға тәрбиелеу.

- Қайырлы күн, қадірменді кешіміздің қонақтары, ұлағатты ұстаздар, құрметті Қазақстанның жарқын болашақтары! Бүгінгі ұйымдастырылып отырған «Мен мамандық әлеміндемін» атты кездесу кешімізге қош келдіңіздер! Белгілі бір мамандық иесі болу әрбір азаматтың арманы. Маман иесі болған соң, әрбір адам өз мамандығы бойынша қызмет етіп еліміздің экономикасын дамытуға халықтың әл-ауқатын жақсартуға өз үлесін қосу керек.

Мамандық дегеніміз — адам-

ның белгілі бір қызмет атқаруына мүмкіндік беретін материалдық не рухани өндірісте алған білімі мен өмірлік дағдысының жиынтығы. Мамандық таңдау жасөспірімдік кезеңде қабылданатын жауапты шешімдердің біреуі болып табылады. Мынау көп салалы өмірде мамандықтың түрі өте көп. Әрине, таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы — адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне сенімді, дұрыс таңдаған адам ғана жетістікке жетеді. Адам еңбегінен қуанышын таба білсе, бойына жаңа күш қосылып, еңбекке деген шабыты арта түседі. Зор ықылас, шабытпен істеген іс — табыс биігіне жеткізетін қанат.

Абай атамыз айтқандай: «Неге арналсаң, соны істе» деп, қашанда адам өмірден орнын өз таңдауымен тапқан жөн деген ойдамыз.

Бұл ретте бүгін бізге өз ойларымен бөлісіп, пікірлері мен ақыл-кеңесін айтуға шақырулы қонақтарымыз келіп отыр. Сол қонақтармен таныстырып өтейік.

- Ендеше, қонақтарымызға «Қош келдіңіздер!» - дей отырып, кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Мамандық алғың келе ме?

Мамандық өзі немене?

Айналаң толған мамандық,

Айналаң толған өнеге.

Тыңдайық қане ойлайық,

Білімге терең бойлайық - дей отырып, апайларымыз бен ағайларымызға өз мамандықтары туралы қысқаша шолу жасауға сөз кезегін берсек.

Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-сәл кем бұра,

Нағыз қазақ — қазақ емес, нағыз қазақ — домбыра - деп домбыраға кезек берейік.

«Айда бұлбұл» күйін қабыл алыңыздар.

Көк жүзіне алаулы,

Міндет емес ай болу.

Ең бастысы қалаулы,

Кәсібіңе сай болу! - деп енді оқушылардың сіздерге қояр сұрақтары бар екен. Сол сұрақтарға кезек берейік.

Оқушылар тарапынан қойылатын сұрақтар:

1. Қандай мамандық таңдауға кенес берер едіңіз?

2. Осы мамандықты таңдауыңызға не себеп болды?

3. Ұстаз болу сіздің бала күнгі арманыңыз ба еді?

4. Бүгінгі таңда жастардың көбі ұстаз, зангер, бағдарламалаушы, тестілеуші, т.б. мамандықтарды құрметпен бағалайды. Мұның себебі неде деп ойлайсыз?

5. Мамандық таңдауда ата-ананың ықпалы қандай дәрежеде болуы мүмкін деп ойлайсыздар?

6. Ал сіздер мамандық таңдауда қандай критерийлерді басшылыққа алған жөн деп есептейсіздер? Өз мамандығының шебері болу үшін адам өзін-өзі қалай дайындау керек деп есептейсіз?

7. Сіз мектебімізде ұстаз болып ұзақ жылдар бойы қызмет етіп келесіз.

Қызықты сәттеріңізді еске түсіріңізші;

8. Адам өзін белгілі бір мамандыққа қашан, қалай дайындауы керек деп ойлайсыз? Бұл мамандықты таңдауыңызға не себеп болды?

9. Қай уақытта адам өз еңбегінің жемісін көре алады?

10. «Әттеген-ай» деген шақтарыңыз болды ма?

Келесі кезекті тренингке берсек. «Сегіз қырлы, бір сырлы»

Бұл ойынға кешке келген қонақтарымыз шақырылады. Қатысушыларға шарлар таратылады. Шар ішінде тапсырмалар жазылған. Қатысушылар шарды жарып, ішіндегі тапсырмаларды орындаулары керек.

1. Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін орындаңыз;

2. Бір жаңылтпаш айтыңыз;

3. Мұқағалидің өлеңінен үзінді айтыңыз;

4. «Мамандығым — махаббатым» дегенді қалай түсінесіз;

5. Болып жатқан сериалдың бір кейіпкерін сомдаңыз.

Келесі кезекте 11-сынып оқушысы таңдап отырған болашақ мамандықтарына байланысты слайдтар дайындап әкеліпті. Сол слайдтарын қорғап өтсе.

Еңбек етсем, ертеңгі бақытыма сенемін.

Мақсатыма жеткізер уақытыма сенемін.

Достық іспен қас ты да жеңеріме сенемін,

Ақыл, сана білім мен өнеріме сенемін.

Арым таза, ақ көңіл адалдыққа сенемін,

Абыройлы, ақ ниет — адамдыққа сенемін! - дей келе, алтын уақыттарын бөліп келіп отырған құрметті қонақтарымызға алғысымызды айта отырып, мына кішкентай естеліктерімізді табыс етуге рұқсат етіңіздер.

- Ал біздің құрметті түлектер, біздің жарқын болашағымыз! Ел сеніміне

кіретін құрметті мамандық иесі боламын десеңіздер — бүгінгі кездесуде апайларымыз бен ағаларымыз айтқан ақыл кеңестерді жадыңызда ұстап ілім-білім алуға барлық күш жігерлерінді жұмсап, егеменді еліміздің ертеңі - болашақ маман иелері болуларыңызға тілектестігімізді білдіреміз!

Төрт түлік — ырысымның баспауы

Мақсаты: халқымыз өмір сүрудің негізгі көзі болып отырған төрт түлік малға балалардың дұрыс қарым-қатынасын қалыптастыру, мал атаулары мен оған тіл қатуды үйрену, малдан алатын өнім түрлерімен таныстыру, еңбек адамын құрметтеуге, малсақ болуға, ұлттық салт-дәстүрді үйрету арқылы адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу болады. Оқушылар ұлттық киімдер киіп, әр оқушы басына төрт түлік бейнеленген бас киім киеді.

Көрнекіліктер: «Төрт түлік мал және олардан алынатын өнімдер», «Киіз үй және олардың жиһаздары» атты слайдтар, түліктер туралы жазылған мақал-мәтелдер, қоржын, сандықша, асықтар, ою тапсырмалар. «Ет тағамдары», «Сүт тағамдары», «Теріден жасалған заттар», «Жүннен жасалған заттар» атты мал өнімдерінен көрмелер. Кіріспе әңгімеде мал туралы қысқаша оқушыларымыз әңгімелеп кетсе.

Оқушы: Атам қазақ ежелден мал шаруашылығымен айналысқан. Мінсе кө-

лік, ішсе сусын, жесе тағам, кесе киім, тұтынса бұйымы да осы мал болған. Кең даланы еркін шалып, көшіп-қонуға халқымыздың тұрмыс-тіршілігі де осы төрт түлікпен байланысты. Біраз күн бір-бірін көрмей жүріп, кездесе қалған екі кісінің амандық сұрасқанда: «Мал-жан аман ба?» деуі халқымыздың малды аса қадірлеуінен болса керек. «Кештік өмірің болса — түстік мал жи», «Малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы» деген ата-бабамыз, мал атауының сырын жетік біліп, кең сахараны төрт түлікке толтырған. Мал өсіруге аса қолайлы Қазақстан жерін малсыз елестету мүмкін емес. Мал бағу, оны күтіп, өсіру жөніндегі өмір тәжірибесінің негізінде халқымыз мал терісінен, жүнінен, қылы мен тұяғынан, сүйегі мен мүйізінен де бұйымдар, киімдер және жиһаз бұйымдарын (туырлық, үзік, түндік, сырмақ, текемет, кілем, алаша, т.б.) жасады. Бұлар кейінгі ұрпаққа мұра ретінде жетті. Солардың бірі — киіз үй. «Мал — баққанға бітеді», - дейді халқымыз.

Ата кәсібі — балаға мұра. Олай болса, дастарханда ақ мол болуы үшін малды күту, бағу — біздің міндетіміз.

Төрт түлікті таныстыру.

Оқушы:

Түйе — байлық, салтанат.

Түйе атасы — Ойсыл қара.

Жылқы — сәндік, мақтан,

Жылқы атасы — Қамбар ата.

Сиыр — қанағат, ақтық,

Сиыр атасы — Зеңгі баба.

Қой — қазына, мырзалық,

Қой атасы — Шопан ата.

Ешкі — жеңілдік, жоқтың күні,

Ешкі атасы — Сексек ата.

Төрт түлікке байланысты көрініс.

Төрт түліктің айтысы.

Бір шаруа қора маңында шаруасымен жүрсе қорадағы малдардың айтысын естіп қалады. Олар әрқайсысы адамға өздерінің пайдалы екенін айтуда: 1) менің күзем жүнімнен киіз басады, жабағы жүнімнен жіп иіреді, киім тоқиды, алаша тоқиды, шұлық тоқиды. Етім, майым, сүтім пайдалы. Адамға мен керекпін, мен пайдалымын дейді қой;

2) Ал мен ауырды көтеремін, шөлге де төзімдімін. Жүнімнен киім тоқиды. Етім, сүтім, майым адамға өте пайдалы. Адамға мен керекпін, мен пайдалымын дейді түйе;

3) Мені мінсе, көлікпін. Қымызымның емдік қасиеті зор. Етімнен қазы жасайды, шұжық жасалынады. Мен адамға керекпін депті жылқы;

4) Сауса сүт, сатса етпін. Сүтімнен айран, қаймақ, сүзбе, сары май жасалынады. Мен адамға пайдалымын депті сиыр;

5) Мен де керекпін адамға. Етім, сүтім, майым пайдалы. Жүнім яғни түбітімнен орамал, кеудеше, жемпір тоқи-

ды. Ол өте жұмсақ, жылы дейді ешкі. Мұны естіп тұрған шаруа «Сендер барлықтарың да адамға пайдалысыңдар. Құр босқа таласпаңдар», - депті.

«Төлдер» әні хормен орындалады.

1-оқушы:

Ұмытпағайсыңдар, ұлым,

Жылқы баласы — құлын.

Баладай баққан аталар,

Түйе баласы бота бар.

Біліп жүр, ұл мен қыз-ау.

Сиыр баласы — бұзау,

Момақан-ақ өзі.

Қой баласы — қозы.

Құлақтары шұнақ,

Ешкі баласы — лақ.

2-оқушы:

Күмбірлеген әні бар,

Желкідеген жалы бар.

Желдей жүйрік құлыншақ,

Желмен шапқан жануар.

3-оқушы:

Бөө-өө деген әні бар,

Енесін тез сағынар.

Жібек жүні ботакан,

Мөлдір көзді жануар.

4-оқушы:

Мөө-мөө деген әні бар,

Үй маңынан табылар.

Мөңірегген бұзауым,

Маған үйір жануар.

5-оқушы:

Мәә-мәә деген әні бар,

Жібек тоны — сәні бар.

Қошақаным момақан,

Сүйкімді бір жануар.

«Қошақаным қайда екен?» әні орындалады.

6-оқушы:

Мее-мее деген әні бар,

Байқамасаң жамырап.

Селтендеген лағым,

Бір тынымсыз жануар.

7-оқушы:

Ақ бұзауым ұнайды,
Мө-мө деп сүт сұрайды.
Ақ бұзауым жақсы фермада,
Апарамын көрмеге.
Келеді өсіп күн санап,
Қоямын ба тұмшалап.
Тұмсығын созып қарайды,
Тілімен мұрнын жалайды.

8-оқушы:

Ботақаным — бөбегім,
Шырқайтұғын өлеңін.
Бөбегендей тәй басқан,
Сені жақсы көремін.
Мәпелейін, бағайын,
Мойыныңды тарайын.
Жаутандаған көзіңе
Жақсы көзбен қарайын.
Сен де менен именбе,
Жатырқама, жиренбе.
Апашым да өзімді,
«Ботам» дейді сүйгенде.

- Ал, енді, балалар, төрт түлік малға байланысты қандай тыйым сөздер білеміз?

9-оқушы:

1. Малды теппе,
Ақты төкпе;
2. Малды басынан ұрма;
3. Малға теріс мінбе.

10-оқушы:

Кендірмен байлама,
Жыңғылмен айдама.
Кендірмен байласаң,
Жыңғылмен айдасаң,
Мал бітер деп ойлама.

11-оқушы:

Ешкі маған түбітін берді, - қолғап кидім.

Қой маған жүнін берді, - қалпақ кидім.

«Өзбек биі» орындалады.

Келесі кезекті төрт түлікке байланысты мақал-мәтелдерге берейік:

12-оқушы:

1. Сиырдың сүті — тілінде;
2. Малды бақсаң сиыр бақ,
Сүт кетпес шарадан;
3. Сиырды теппейді,
Сүтті төкпейді.

13-оқушы:

1. Түйе атасы — нар,
Ағаш атасы — шынар;
2. Мал баққанға бітеді.

14-оқушы:

1. Ат — адамның канаты;
2. Аттың көркі — құйрығы жалы, құлағы.

Таудың көркі — тасы менен бұлағы.

Ал енді жұмбақ шешуге қалайсындар?

1. Екі айнасы бар,
Екі найзасы бар.
Сыртылдаған тұяғы бар,
Бір желпуіш сияғы бар?

2. Басында таяғы бар,
Төрт аяғы бар.

Иегінде сақалы бар.

3. Өзі үлкен жануар,
Үстінде үлкен тауы бар.

- Ал, енді, балалар, 3 топқа мен сұрақ бергім келіп тұр:

1-топ. Әр малдың төлін атау.

2-топ. «Ой дамыту».

Сөйлемді жалғастыру

Шұбат —

3-топ. «Ой толғаныс»

Жылқыға сипаттама беру.

Қорытынды.

Б. БАБЫШЕВА,
№26 орта мектептің мұғалімі.
Маңғыстау кенті,
Мұнайлы ауданы,
Маңғыстау облысы.

Жолда сақ жүр!

Мақсаты: тәрбиеші оқу әрекетінде тәрбие құралы ретінде пайдаланып, бала сезімін кеңейтіп, тілін ұштастырып, жол ережесін баланың жасына сай меңгерту.

Қалыптасқан түйсіктерін, білімдерін пысықтап, адам өмірі үшін қажеттілігін түсіндіру. Көшеде жүру ережесін білу арқылы жолда жүру мәдениетін сақтауға үйрету. Бағдаршамның неге керек екенін түсіндіру. Әр түрлі тақпақтар мен жұмбақтар арқылы балалардың естерінде қалдыру.

Көрнекіліктер: Рульдер, белгілер, жол белгілерінің суреттері, көліктердің суреттері, бағдаршамның суреттері.

Тәрбиеші: Балалар, мен сендерге бір жұмбақ жасырайын.

Жолды нұсқап тұрады.

Өздігінен жүрмейді, жарыспайды.
(Бағдаршам)



Тәрбиеші:

- Міне, көшеден бізге кім қонаққа келіпті?

- Бағдаршам.

- Бағдаршамның қызметі қандай?

- Жол тәртібін реттеуші.

- Бағдаршам бізге хат әкеліпті қане оқып көрейік.

Қызыл көзін ашқанда,
Сынық сүйем баспа алға.

Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға.
Жасыл көзін ашқанда,
Өте бергін жасқанба.

1-бала:

Өңірдің ой-қыры бар,
Өмірдің көп сыры бар,
Түрлі-түрлі жолы бар,
Ағайындар абай болындар.

Тәрбиеші: Балалар, енді сендердің жол ережесін қаншалықты білетіндеріңді тексеріп көрейік.

- **Жүргіншілер қай жолмен жүру керек?**

- Жиек жолмен жүреміз.

- **Жиек жол болмағанда ше?**

- Жер асты жолымен.

- **Жолдың қай жағымен жүру керек?**

- Оң қол жақпен жүреміз.

- **Қоғамдық көліктерге қай жерден отырамыз?**

- Аялдамадан отырамыз.

2-бала:

Үлкен жолдың үстінде,
Әмірші де, күшті де,
Бағдаршам екен
Есте сақта, достарым!

Тәрбиеші: Балалар, бағдаршамның қызыл көзі жанғанда кімдерге өтуге рұқсат етіледі.



- өрт сөндіруші көлігіне:



- полиция көлігіне



- жедел жәрдем көлігіне.

Көліктер белгілі бір дауыс беру арқылы өтулері қажет.

Тәрбиеші: Көшеде кетіп бара жатқан машина немесе басқа да, көлік түрлерінің артынан жүгіруге немесе жабысуға бола ма?

Балалар: Болмайды, көлік басып кетуі мүмкін. Жолдан өткен кезде көліктер толық тоқтағаннан кейін немесе үлкен кісілермен бірге өту керек.

Күдер үзіп жалғаннан.

Көшені тек кесіп өт,

Бағдаршамның қасынан.

3-бала:

Көшеде бағдаршам:

Қызыл, сары, жасыл көз.

Бұйырып тұр аңғарсаң,

Бұйрықты іске асыр тез!

4-бала:

Жолақ жолмен көшеден,

Өтеді көп жаяулар.

Көліктердің нешеме,

Жылдамдығы баяулар.

Тәрбиеші:

Балалар, қазір ойын ойнайық. Бағдаршамның үш түрлі көзін көреміз.

Қызыл жанса — тыныш тұрамыз.

Сары жанса — оң аяғымызды көтеріп, дайындаламыз.

Жасыл жанса — топ-топ басып жүреміз.

- Міне, балалар, қалада да, ауылда да бағдаршам тұсынан өткенде жан-жақтарына қарап жүруге дағдыланыңдар. Сонда бәріміз аман боламыз.



1-бала:

Кабинаға кіріп ап,
Құлақ түріп гүрілге,
Жолға қарап бір уақ,
Отырамын рульге.

2-бала:

Тап болмасын қасірет,

Айгүл ОЛЖАБАЕВА,

«№25 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

«Бота» тобының тәрбиешісі.

Семей қаласы,

Абай облысы.

Адалдықты мұра еткен ұлы Абай

Адамзат тарихында ұлттың рухани дүниесін байытқан, мәңгілік мұра қалдырған тұлғалар санаулы ғана. Қазақ халқы үшін сондай дара тұлғалардың бірі — Абай Құнанбайұлының биыл 180 жылдық мерейтойы.

Ол — ақын ғана емес, философ, ағартушы, ойшыл, әділет пен адалдықтың биік үлгісін ұсынған кемеңгер. Абай шығармашылығының өзегі — адамгершілік, ар-ұят, адалдық секілді асыл қасиеттер. Ол өз заманының шындығын терең түйсініп, халықты рухани жаңғыруға, білім мен әділетке үндеді. Ақынның: «Адам болам десеңіз, ең алдымен жүрегін таза болсын» деген

өсиеті — бүгінгі қоғам үшін де өзекті. Абайдың қара сөздерінде адал еңбек, әділ билік, шынайы ниет жайлы терең ойлар жазылған.

Әсіресе, «Он жетінші сөзінде» ақыл, жүрек, қайрат үшеуінің айтысы арқылы адамның толық болмысы мен адал өмір сүру қағидаларын түсіндіреді. Адалдықты жүрек ісі деп таниды: «... адамға ең керегі — мейірімділік, шын-



шылдық, әділдік. Бұл — жүректің ісі». Абай әділетсіздікке, екіжүзділікке, надандыққа қарсы күресті. Ол халықты тура жолға бастайтын — білім, еңбек және адалдық деп білді. Оның: «Еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» деген сөзі өмірге деген сенімді қалыптастырады. Абайдың әр өлеңі — адалдық пен шындықты жырлаған тағылымды туынды. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде жалған мақтанмен пайдакүнемдіктен аулақ болуға үндейді. Бұл өлең жас ұрпаққа адал еңбек пен шынайы ізденістің ғана адамды биікке көтеретінін үйретеді.

Абай шығармалары арқылы оқырмандарды адалдыққа, әділдікке, имандылыққа тәрбиелеу мақсатында жастардың рухани дамуына ықпал етіп, ақынның өнегелі өмірін насихаттап, «Адалдықты мұра еткен ұлы Абай» атты мәнерлеп оқу кеші ұйымдастырылды. Шараға «Айсын» радио-журналистика мектебінің оқушылары, кітапхана оқырмандары қатысты. Оқушылар ақын өлеңдерін, қарасөздерін жатқа, мәнерлеп оқыды, сұрақтарға жауап беріп, өз ойларымен бөлісті. Кітап көрмесімен танысып, шара соңында белсенді қатысқан оқырмандар Алғыс хатпен марапатталды.

Бүгінгі таңда қоғамда әділдік пен адалдық туралы көп айтылып жүр. Бі-



рақ оны күнделікті өмірде қолдану, жүрекпен сезіну — үлкен жауапкершілік. Абайдың рухани мұрасы — осы жолдағы бағдаршам іспетті. Ол бізге тек өткеннің шежіресі емес, болашаққа бағыт берер темірқазық. Абай — адалдықты ту еткен, шындықты өмірінің өзегі еткен ұлы тұлға. Оның мұрасы — әр қазақтың рухани байлығы. Біз ұлы Абайдың аманатына адал болсақ, қоғам да, ұрпақ та адаспайды.

Үзім АЛПЫСБАЙҚЫЗЫ,
№3 қалалық кітапхана қызметкері.
Ақтөбе қаласы.

Ұлттық кітап күні

Кітап — ұрпақ пен ұрпақты, дәуір мен дәуірді кезең мен кезеңді жалғастыратын, халық пен халықты, құрлық пен құрлықты, өркениет пен өркениетті жақындастыратын жалғыз құбылыс, бірден-бір құндылық. Биылдан бастап елімізде 23 сәуір — Ұлттық кітап күні аталып өтті.

Бұл күні — кітаптың ғана емес, кітапхана мен кітапханашы мамандығының маңызын айқындайтын ерекше күн.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев III Ұлттық құрылтайдың отырысында «Кітапхана — мемлекеттің, ұлттық негізгі жады», - деп ерекше атап өтіп, Ұлттық кітап күнін енгізген.

Кітапхана ісін дамыту үшін, ең алдымен, осы заман талабына сай жаңғырту қажет. Бүгінгі оқырман кітапқа ғана емес, ақпаратқа тез әрі сапалы қол жеткізгісі келеді. Қалалық орталық кітапхана білім іздеген жастардың басын қосатын, халықтың рухани жан дүниесін байытуға өз үлесін қосатын және білім іздеген әр оқырманға бағыт-бағдар беретін руханият ордасына айналып отыр. Заман талабына сай жаңғыртылып, заманауи үрдіске сай коворкинг орталығы оқырмандарға үздіксіз жұмыс жасайды. Кітапханада оқырманға қызмет көрсететін тіркеу орны, оқу залы, интернет аймағы, балалар аймағы, жастар аймағы, салт-дәстүрім — сан ғасырлық саф мұра қазақы нақышта безендірілген бөлме.

Кітапхананың оқу залында тұрақты кітап көрмелері Абай Құнанбаевтың 180 жыл, Қазақстан Ассамблеясының 30 жыл, Ұлы Отан соғысына 80 жыл, Ақтөбе тарихы туралы «Кемел келешекке қадам басқан Ақтөбе» атты көрмелер жасақталды.

Кітапханада сирек кітаптар мен қол жазбалар қорындағы әрбір құнды еңбектің жеке тарихы бар. Кітап сканері көп форматты құжаттарды, кез келген кітаптар мен қалталарды, тігілген «күрделі» ескі немесе зақымдалған құжаттарды, сондай-ақ А2 пішіміне дейінгі үлкен форматты түпнұсқаларда сканерлеуге арналған әмбебеп кітап сканері орналасқан.

Михаил Ломоносов атындағы қалалық орталық кітапханада Қуандық Шаңғытбаевтың 100 жылдығына арналған «Маржан сөздің мәртебелі дегдары» атты кездесу кеші, Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына орай «Әлия — жыр, Әлия — бейне» атты Бұлақ ауылына экскурсия, Мейірхан Ақдаулетұлының 75 жас мерейтойына орай «Зиялы қауым — ұлт тұздығы» атты әдеби кеш жоғарғы деңгейде аталып өтті. Кітап оқу мәдениетін кеңінен насихаттау үшін кітапханашы маман ретінде заманауи маркетингілік тәсілдерді кешенді түрде қолдануы қажет. Ең алдымен әлеуметтік желілердің әлеуетін тиімді пайдалану маңызды — Instagram, Facebook, Tik Tok, Telegram платформаларында қысқаша

бейнебаян, жаңа әдебиеттерді таныстыру.

Жыл сайын кітап қорын толтыру жұмыстарын жүргізу нәтижесінде 23 767 мың дана кітап құрайды. Бұл жұмыстарды кітапхананы жинақтау және өңдеу бөлімінің мамандары жүзеге асырады. Көпшілік көрмейтін, білмейтін бірақ, кітапхана ісіндегі аса маңызды жұмыстың бірі.

Әрине оқырманның көптігі көңіл қуантады. Бұл кітапханаға деген жастар арасында жаңа көзқарас тудыратындығы анық. Оның ішінде мектеп жасындағы баладан, зейнеттегі қарияларға дейінгі тұрғындар бар. Әр қайсының сұраныстары әртүрлі, соған сай қажетті ақпарат беру — біздің басты мақсатымыз.

Кітапхана ісінің алға басуында кітапханашы мамандардың рөлі де ерекше. Олар тек кітапты ұсынушы ғана емес, оқырманға бағыт-бағдар беретін рухани серік. Қалалық орталық кітапхананың жас мамандары Жәлелова Назерке Абатқызы, Атахметқызы Алуа

өз ісіне деген ынтасы мен сүйіспеншілігі олардың креативті жобаларынан, оқырмандармен қарым-қатынасынан және кітапхана кеңістігін жандандырудағы бастамаларынан анық көрінеді. Кітапханада **«Дарабоз» жастар жобасы**, **«Kino Kesh» жобасы**, **«Кітап. Кітапхана. Кітапханашы» подкаст**, **«Менің қолымнан бәрі де келеді»** жобалары бар.

«Менің қолымнан бәрі де келеді» жобасы. Бұл жобаның мақсаты жасөспірім шақтағы ерекше оқырмандардың жас ерекшелігіне сәйкес кітапхана қорындағы кітаптарды және басқада ақпарат көздерін қолдану арқылы қоғаммен байланысты нығайту, Өзіне тұлға ретінде сенімділігін арттыру, қоғамға пайдалы болуға, қоршаған ортаға бейімделуіне қолдау көрсету. Тоғызқұмалақ — ақыл-ой дамыту ойыны (интеллектуалдық қабілетінің артуына, логикалық ойлауына, адам санасын жетілдіруге, ұлттық ойындарымызды дәріптеу), Ұялы телефонның сырлары (телефон ішіндегі қолданбаларды жетік игеру, мобилография



-жоғары табыс табудың жаңа тетігі), Құмыра жасау (қол маторикасын дамытуға, бала бойындағы ойлауды, тепе-теңдікті ұстауға), Күтпеген жеңіс (үздік мотивациялық фильмдер кезкелген адам күшінің үлгілері мен мақсатқа жетуге деген ұмтылысы) т.б.

«Kino Kesh» жобасы. Бұл жобаның мақсаты кітапхана қорындағы көркем әдебиеттің ең жақсы туындыларын, кино фильмдер арқылы оқырманға жеткізіп, оқырманның кітап оқуға қызығушылығын арттыру. Кітапхана оқырмандарының бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын ояту арқылы, ойлау қабілетін, зейінін, қиялын, шығармашылық қабілетін дамытып, құзіретті тұлға ретінде қалыптастыру.

«Кітап. Кітапхана. Кітапханашы» подкаст жобасы. Бұл жобаның мақсаты өңірімізде кітапхана ісін дамыту. Кітапхана мамандығының беделін арттыру. Кітапханашы кітапханада кітапты қолға береді деген тар ұғым орнына, қоғамда кітапханашы мамандығының қажеттілігін мойындататын оң пікірлер мен көзқарастар қалыптастыру.

«Дарабоз» жастар жобасы. Бұл жобаның мақсаты қоғамда өнерді дәріптейтін, әдебиетті сүйетін мәдени ортаны қалыптастыру. Жас өнерпаздардың шығармашылығын шындау, олардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Жастармен сұхбат, кездесу кештерін ұйымдастыру.

Шаңырақ клубы. Клуб мақсаты кітапхананың қарт оқырмандарын қоғамға пайдалы болуға, өз і-тәжірбиеле-

рін бөлісуге, білімдері мен қызығушылықтарын көрсетіп, өскелең ұрпаққа бағыт-бағдар беруі.

Кітапханашыларымыз дәстүрлі және цифрлық форматты ұштастыра отырып, әдеби кездесу, конференция, библио фреш, портрет кеші, поэзия сағаты, ток шоу, сыр-сұқбат, өлкелік тарихи жерлерге экскурсия жиі ұйымдастырылады. Мектептермен, ЖОО-мен, ҚР Ұлттық Ұлан 6655 әскери бөлімі, Ақтөбе мамандандырылған күзет қызметі, Ақтөбе облыстық жастар орталығы, Астана және Алматы аудандарының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген басқарма қызметі, Балалар және жасөспірімдер орталығы, №1 балалар музыка мектебі, т.б. серіктес мекемелермен бірлесіп кітапты насихаттайтын іс-шара өткізу арқылы кітапхананың беделін арттырып, кітап оқуға деген тұрақты қызығушылық қалыптастырамыз. Білімді, ой-өрісті кең ұлт қалыптастыру — еліміздің жарқын болашағының кепілі. Оқырман ұлт пен оқырман ұрпақты тәрбиелеу үшін бірнеше маңызды қадамды жүзеге асыру қажет деп санаймын. Ең алдымен, отбасылық оқу дәстүрін қалыптастыру керек деп ойлаймын. Баланың кітапқа деген сүйіспеншілігі, ең алдымен, отбасында басталады. Ата-ана балаларымен бірге кітап оқып, оны талқылап, отбасылық оқу мәдениетін дамытуға тиіс.

Айымгүл СҚАҚОВА,
М. Ломоносов атындағы
қалалық орталық кітапхана
қызметкері.
Ақтөбе қаласы.

Қазақтың ұлттық ойыны — тоғызқұмалақ

Тоғызқұмалақ — қазақтың ұлттық интеллектуалдық ойыны. Ерекше маңызға ие ата-бабамыздан қалған асыл мұраларымыздың бірі болған бұл ұлттық ойынымыздың шамамен 4 мың жылдық тарихы бар. Тасқа қашалып қалдырылған тоғызқұмалақ тақтасының бейнелері де осы ойынның өте ертеде пайда болғанынан хабар береді. Қазіргі уақытта әлемге әйгілі зияткерлік ойындардың ішінде ерекше маңызға ие асыл мұраларымыздың бірі. Қазақ халқының ұлы тұлғалары — Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев сынды ағартушылар тоғызқұмалақ ойынын ерекше мадақтаған, әсіресе Абай бұл ойынды өте сүйіп ойнаған. Тоғызқұмалақты ойнау үшін Абайдың ауылына көне ойынның шеберлері мен ойыншылары әдейі жиналады екен. Абай бос уақытында ойынды ұйымдастыру үшін үнемі ойын тақтасын алып жүретін, деген мәліметтер



бар. Тоғызқұмалақпен шетелдерде тек қазақтар ғана емес, сонымен бірге Англия, Франция, Германия, Испания, Чехия, Ресей, Украина, Қытай мемлекеттерінде қазақтың ұлттық ойындары 8 жергілікті халықтардың арасында ойнаушылардың саны артуда. Ең алғаш Ресей ғалымдарының бірі этнограф Н. Пантусов 1906 жылы Қазан қаласында тоғызқұмалақ туралы мақала жариялайды. 1936 жылы Орта Азияда алғаш рет «Тоғызқұмалақ» кіта-



бы жазылып, тоғызқұмалақтан ең алғаш 1948 жылы Алматы қаласында республикалық чемпионат өткен және оған 4 адам қатысқаны туралы дерек бар. Тоғызқұмалақ тақтасындағы отауларға алғаш 1949 жылы өткен Қазақстан Республикасының ІІ чемпионатында әріптік белгілеу нотациясы қолданылса, 1974 жылы әріптік белгілеу сандық белгілеуге көшірілді. 1974 жылы Қазақстанда тоғызқұмалақ федерациясы құры-

лып, 1980 жылы федерацияның арнайы тапсыруымен тоғызқұмалақ ойынының негізгі қағидалары енгізілген. Ал 1991 жылы тоғызқұмалақ ойынының негізгі қағидаларына жаңа толықтырулар мен түзетулер енгізілді.

Міне, ерте заманнан келе жатқан, терең ойды талап ететін, халық даналығы қалдырған, тоғызқұмалақ ойынының тарихы — осындай. Тоғызқұмалақ ойыны ұмыт болмай,

қайта жаңғырып, болашақ жас ұрпаққа тәлім болатын ұлттық тәрбие көзіне айналса деген оймен №1 Абай атындағы қалалық кітапхананың ұйымдастыруымен қазақтың дана ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай **«Қуат алып Абайдың оң ісінен»** атты тоғызқұмалақ ойынынан жарыс өткізілді.

Оқушыларға қазақ халқының ұлттық ойыны «Тоғызқұмалақ» туралы түсінік беру, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту, оқушылардың тапқырлық және ізденімпаздық қасиеттерін қалыптас-



тыру. Өте қызық ойын тез есептеуге әрі терең ойлауды талап етеді. Жарысқа №64 Ұзақбай Құлымбетов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп, №46 білім беретін орта мектебі мен Шығармашылық академияның «Тоғызқұмалақ» үйірмесінің оқушылары қатысты. Бұл ойын адамның ойлау, талдау қабілетін дамытатын есепке құралған. Ол екі адам арасында ойналады. Ойнау тақтасы — 2 қазан мен 18 отаудағы 162 құмалақтан тұрады. Ал осы тоғызқұмалақ ойынының жеңіл түрі — бестемше. Ол — тоғызқұмалақтың жеңіл, жеткіншек балаларға



арналған түрі. Бұл ойын баланы логикалық ойлауға үйретіп қана қоймай, ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңіріп өсуге үйретеді.

Тоғызқұмалақ үйірмесінің жетекшісі Тохтаров Сердалы Насырұлы және спорт бөлімінің жетекшісі Қажымуханов Өмірғали Бауыржанұлы жарысқа төреші болып, ойыншыларды ойын ережесі бойынша бағалап жеңімпаздарды анықтады. Оларға 1, 2, 3-орындар тағайындалып, дипломдар мен алғыс хаттар табысталды.

Тоғызқұмалақ — әлемдік интеллектуалдық ойындардың озық үлгі-

лерімен бой теңестіре алатын зияткерлік ойын екендігі аян. Бұл ұлттық ойындарымызды жастар арасында таратып, дәріптеу біздің қолымызда. Бір ғана ойында қазақ халқының болмысын, салт-дәстүрін сыйдыра білген ойынның маңызы қашанда зор. Тоғызқұмалақ ойын ғана емес, баға жетпес ұлттық қазына.

**Әлия Амантайқызы
БАЙМУХАНОВА,
№1 Абай атындағы қалалық
кітапхананың меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.**